

**ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ ДІНИ НАНЫМ-
СЕНІМДЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЕМДЕУ ТҮРЛЕРІ**

Серікқалиева Айша E-mail: nagima0107@mail.ru 6B02201- тарихшы зерттеуші мамандығы, 3 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. – Сармурзина Н.

Халықтық медицинада магиялық және эмперикалық емдеу әдістері жиі кездеседі. Магияға яғни, тылсым күш пен сиқырға сүйенген емдеу тәсілдерін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Үшкіру. Күнделікті тұрмыста емдеудің бұндай түрі көп кездеседі, әсіресе жасы келген үлкен кісілер, діннен хабары бар адамдар жасайды. Үшкіруді кей кездерде «дем салу» деп те атайды. Бұл ем құран сүрелерімен аятты айту арқылы жүргізілетіндіктен ислам дініне негізделген депте 615 айтуға болады. Себебі, Үшкіруді немесе дем салуды көбіне күн батқанда, науқас шаршап әлі біте бастаған кезде жүргізеді. Үшкіруші яғни дем салушы адам аурып жатқан адамның жанына жақындап барып, оның жағдайын байқағаннан кейін арнайы құран аятын немесе сүрені жайлап оқып науқастың бетіне «сүфф» деп үрлейді. Бұндай дем салу шаршап, тынысы ауырлап, әлі нашарлаған адамға күш-қуат береді. Халық емшілерінің сенімі бойынша, құранның аяттары қасиетті, сондықтан, аятты оқып бетке үрлеген кезде науқастың бойына күш қуат бітеді, денені жайлаған ауру мен уайымның беті қайтады. Осылайша, үшкіру емі ауырған адамның көңіліне демеу, жанына шипа болатындай санасында үміт оты оянады. Науқас адамның ауруынан айығып кетуі мүмкін деген түсінік қалыптасады [1, 89 б.]. Сиқылық емдеудің көп қолданатын тағы бір түрі ұшықтау. Емдеудің мұндай түрін көбінесе халық емшілері, тәуіптер мен егде тартқан кісілер жасайтын болған. Ұшықтауды ыстығы көтеріліп, басы айналып, жүрегі айнып ауырып жатқандарға қолданады. Оны кеш қарая, күн ұясына батып бара жатқан кезде немесе таңертеңгі мезгілде, күн ұясынан көтеріле бастаған шақта жүргізетін болған. Ұшықтаушы адам науқасты құбылаға қарата отырғызып, ыдысқа жылы су құйып, оның ішіне жеті түйір бұрыш пен жеті түйір қалампыр салып қояды. Біраз уақыт өткеннен кейін бұрыш пен қалампырдың иісі шығып, сезілгенде емші судың дәмін татып, аузына ұрттап алады да, өзімен өзі бейқам отырған науқастың бетіне оқыстан қатты бүркіп жібереді. «Кет бәлекет, кет, шық бәлекет, шық» деп айнала жүгіріп айқайлап айтады. Біткеннен кейін, ыдысты науқасқа көрсетпей, үйден алыстау жерге төңкеріп тастайды, оны ертеңгі күнге дейін ешкім қозғамауға болмайды. Науқас бетіне бұрыш пен қалампырдың иісі бар су бүркілген шақта, «шошып», денесі тітіркеніп, тоңғандай болады. Тітіркену кезінде науқас емшінің айтқан сөздерін де естиді. Терісі тітіркеніп, құс еттенген кезде, ол бойынан ауру шығап жатқандай сезінеді. Осы кезде науқасты тездетіп төсекке жатқызып, үстінен «тоғыз қабат» көрпемен жауып тастайды [2, 31 б.]. Бұл емнің «ұшықтау» деп аталу себебі халық емшілерінің пайымдауынша, «ұшық тию» деген ауру астың бетін ашық тастағандықтан, тазалықтың сақталмауынан, тамақты адал ішпеуден ұшынған деп есептеген. Дұрыс сақталмаған, беті ашық қалған тағамға жын-шайтан үйір болады, ал сол асты ішкен адам ұшынады деп есептеген. Бұл қазақ халқының тазалық дұрыс сақталмаған астан ауруға шалдығу мүмкін екендігін бұрыннан білетіндігін байқауға болады. «Ұшынған» адамға көбіне ерніне немесе бетіне жара шығады. Оны «ұшық шығу» дейді. Ол осы күнгі медицинада оны «герпес» деп атайды. «Көшіру»-сырқат адамның бойындағы ауруды басқаға аудару мағынасында атқарылатын іс шара. Мұндай жағдайда малдың бас сүйектерін түрлі бояумен бояп, ауылдан 635 алыстау сырт жерге апарып тастайды немесе қуыршақ жасап науқас кісінің төсегіне жатқызады. Осылай істесе, ауру бас сүйекке немесе

куыршаққа ауады деген наным- сенім болған. Көшіру емі сырқат адамның бойындағы дертті басқа жаққа аударуға арналған. Халық емшілері көшірудің басқада түрлерін тауып, қолданған. Соның бірі науқастанған адам түйенің тоқпан жілігін кеудесіне қысып ұстап, салқын суға үш рет сүңгіген. Үшінші рет сүңгігенде, науқас сүйекті су астына тастап кетуі керек, нәтижесінде ауру түйенің жілігіне көшіп, су астында қалады деп сенген. Бұндай жолмен емдеу сиқырлық ұғыммен тікелей байланысты. Ежелден келе жатқан аңыз-әңгімелерге сүйенетін болсақ түйе адамның қорғанышы, тірегі болса, үш санында да ерекше сиқырлы қасиет бар деп есептелген [3, 158 б.]. Ертеректе қазақ елін аралап жүрген саяхатшылардың бірі күйеуінен айырылып, жылағаннан көзі соқыр (зағип) болып қалған әйелді емдегенді көргенін жазып қалдырған. Онда әйелді жылан еті пісіп жатқан құманның үстіне отырғызған. Құманнан қайнап жатқан жылан етінің буы бұрқырап шыға бастағанда соқыр әйел көзін үнемі ашып отыруы керек болған. Осындай емнен кейін әйелдің көзі қайтадан көре бастағанда саяхатшы қатты таң қалған. Мұндай жағдайларды жоққа шығаруға болмайды. Өйткені көздің соқыр болуының әр алуан себебі бар. Соның бірі — күйгелек мінезді әйелдердің қатты ренжитіні, қорқатыны немесе мазасыздана шырығатыны. Осы күнгі ғылыми медицинада мұны истериялық соқырлық дейді. Ондай соқырлықты гипнозбен немесе сендірудің басқа да түрлерімен емдегенде құлан-таза етіп тез жазып жіберуге болады. Халық ықылық тигенді жоюды өзін-өзі сендіру жолымен кетіруге болатынын тапқан. Ықылық басталысымен дауыстап санау керек. Бірінші ықылық болғанда «бірден», екінші ықылықтағанда «екіден», үшінші ықылықта «үштен» деп, және одан әрі ықылықтаған сайын мән беріп санай беретін болған. Осындай жолмен санай берсе ықылық басылатын болған. Яғни, бұл адамның өзін-өзі бір жағдайларға деген сенімінің нәтижесі. Сендіру арқылы ем жүргізу үшін, көбіне сиқырлылауды оған теңеу арқылы атқарылды. Біз жүргізген бақылауларымыз бен зерттеулерімізде сиқырлау арқылы ем жүргізудің нәтижесі, тікелей сендіріп емдеудің нәтижесінен жақсырақ екенін көрсетті. Мысалы, молданың қояншық ауруына шалдыққан адамға ем жүргізгенін қарастыратын болсақ, мұндай ауруды емдеген кезде молда қағазға құранның бір аятының атын жазып, оны ұнтақтап, суға салып езіп науқастанған адамға ішкізеді. Бұл ішкірткі деп аталады және нәтижесі бар. Қояншық ауруы кей жағдайларда сендіріп емдеу нәтижесінде тәуір болады. Айтылған емдеу шаралары екі түрлі нандыру жолымен жүргізілгендігіне куә болдық. Оның біріншісі — құранның аятына, оның қасиетіне сендіру түрінде де, екіншісі аят жазылған қағаздың ұнтағын яғни ішкірткі ішуде пайда болатын нәтижелі илану түрінде болды. Біз шын, таза кеңілімен құранға сенетін адамды аят айтып емдеген кезде, ол емнің науқасқа шипа болатындығын жоққа шығарара алмаймыз. Өйткені наным-сенімнің адам өміріндегі мән мағынасы жоғары. Магиялық емдеудің тағы бір түрі— тіл мен көз сұғының тиюін емдеу. Тіл мен көз тию жайында ата-бабаларымыз ежелгі замандардан бері білген. Оған қарсы шамалары келгенше ем-дом жасаған. Бұл жөнінде Ө.Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянында» дәлелді мысалдар келтірілген. «Сұғы,көзі барлар қылықты, бет-әлпеті әдемі, жаратылысы сүйкімді сәбиді, баланы көріп, «Паһ» десе болды, келесі сол уақыттан қалмай шетінеиді, мұны көзімізбен көріпте жүрдік. Бірақ мен пайдаланған шипа ем, дарумен шәруаты дарымдылығы емінің салдарынан тыным тапқандығы өзіме аян. Бұл тіл сұғы болсын, көз сұғы болсын, тамсанып таңданса, кейбіреулер ызаланса, сұғын қадауы арқылы қастық сырқатын тудырмағы шарт екен. Бұл жердегі тылсым сырын, тек бір Алладан басқа білетін ешкім жоқ. Енді оның қарымының, сұғы тиген адамдардың өзін тауып алып, өз сұғын өздеріне қайтартса, тәуір болады. Кейбіреулері айығып кеткен күннің өзінде, кемтар болып қалуы мүмкін, оны Алланың жазуы деп есептеген. Оған қарысса тағыда көз сұғы бар, тіл сұғы бар адам қырық күнге дейін оңала алмай есінен танып кетіп, мазасызданып, есін жинай алмай қалады. «Жын соққан бақсыдай» сүмірейіп жүруі шарт. Көз сұғы бар адамның

көзінің іші б3б көк немесе көзінің маңайында қара қал не мең көз көрігі болады. Оның көзінің қарашығы жанып тұрған жалынды келеді, карауы сұсты, өткір, жанары қара болады. Ал тіл сұғы барлардың ауызының айналасы, ернінің, ұртының қасында меңімен қалы болады. Тілінде өте-мөте өзектілік, немесе тілінде теңбіл не қал сүйел болады деп көрсеткен шипагер бабамыз. [4, 23-25 бб.] Көз тиген адамның көз қуаты әлсіреп, бей-жай бір халге түсіп, істеген ісінің берекесі қашады. Ал тіл-көз тиген бала болса, қолды аяққа тұрмай шырылдап, мазасызданып жылауын қоймай, жылай береді. Көз тиіп бойына өтіп кетер болса, оны дер кезінде емдемесе, баланың өліп кетуі де мүмкін. Көз тигеннің тағы бір белгісі адамның арқасында пайда болатын көкшіл сұр түсті сызықтар. Бұл сызықтар адамға қай жылы, қаншалықты мөлшерде тіл көз тигенінен мәлімет береді. Көп жағдайда оны жай кез келген адам көре алмайды, тек халық емшілері ғана көре алады. Көз тартатын көрікті жанға кез келген адам: «Әдемісін-ай» деп сұқтана бір қараса соның өзі әлгі адамға ауру болып жабысады. Сұқтанбай, алаңсыз жүрген жанның ту сыртынан тесіп өтетін көздің уынан жауырынның екі ортасында қалдырар қара түстес жолақтар зардабы ұзақ жылдар бойына адамға залалын тигізіп, денсаулығын кемітеді. Көз тиген адамның ондай жағдайды байқамауыда мүмкін. Осындайлардан сақтау үшін, жас балаға адамның назарын аударудан сақтандыру мақсатында, сәбидің үстіндегі киімге жылтырақ заттар, үкі т.б. тағып қоятын. Көз тиген кезде сау адам бір сәтте әлсіреп, құлап қалмауы да мүмкін. Көз тию көбінесе таңдана қараған адамға да байланысты болады. Қызғаншақ, көреалмайтын, іші тар, тойымсыз адамдар ішіп жеп, сұқтана қарағанда, адамның денесіндегі қоршап тұратын биоөріс қабатын жарып өтіп, бойындағы тіршілік қабатын өзіне сорып алады. Кейбір сондай адамдардан сезіктеніп, сақтанып, «Байқандар, көзі тиіп кетеді», деп жаңа туған нәрестені көлегейлеп жататыны сондықтан. Ондай адамдарды - энерговампиры деп, ал халық арасында дуагерлер деп атаған. Көз тигізбеу шараларының бір амалы - адамға қарағанда да, мақтағанда да «Тфә, тфә, тіл-көзім тасқа тисін» немесе «тіл көзден аман жүрсін» деп айтып отыруы керек [5, 134 б.]. Көз тигенді қайтару үшін ағаштың басына мақта орап, оны майға батырып, Құран аяттарын оқып, «Көш, көш» деп аурудың басынан үш қайтара айналдырып, адам аяғы баспайтын жерге апарып көміп тастау керек. Аластау - дегеніміз отпен, шырақпен, маймен, матамен Құранның қасиетті сөздерін үш мәрте қайталап, адамның басынан айналдыруды айтады, ал ащылау деп түзбен немесе күлмен ауру баланың денесінен айналдырып шығуды айтады. Сонымен бірге, бойтұмар, ішпіндік де көз тиюден сақтайды. Тек оларды аяқ баспайтын жерде, әр жерге тастамай, әжетханаға бірге алып кірмей, ұқыпты, таза жерде ұстау керек. Алдыңғы үлкендеріміз тіл-көз тиюді аса қауіпті, ем қонуы қиын екенін ұққандықтан да, атын айтуға қорыққан. Көбіне «ит тиген» деп астарлап ғана айтатын болған. Түскен жерін қақ жара ойып түсетін найзағайдың оғы сяқты көз бен тіл, адам өңменінен өткенде, арқадағы қос жауырынның ортасында жұдырықтай қара дақ қалады екен. «Жанары жасындай», «Тілі мірдің оғындай» деген сөздер осығандай жағдайларға байланысты пайда болған. Халқымыз тіл, көз тиген баланы қасқырдың кейбір дене мүшелерімен ырымдап емдеген. Әсіресе қасқырдың бас сүйегі, жақ тістері мен өті, тырнағы мен кеңірдегінің алқым тұсы түрлі кеселдерге таптырмайтын ем дәрі. Емшілер баланың бойындағы тіл, көздің сұғын осындай жыртқыш жануарлардың дене мүшелері арқылы үзілді-кесілді жойып емдеп отырған. Көз арқылы денеге бойлаған биоқуатты тез ығыстырып шығару маңдайға, әсіресе, екі көздің ортасынан сәл жоғары қасқыр өтінің ылғалын жақса, тіл—көздің өтуі тез қайтады. Ал жас сәбидің бесігіне қасқырдың тырнағын, киелі күс үкінің балақ немесе мамық жүнін іліп қойса, ол тілден, көз тиюден сақтайтын болған [6, 150-152 бб.]. Қазақ халқының халықтық медицинасы өздігінше бір ерекше ғылым. Эмпирикалық және магиялық түрғыда дамыған өзге елдердің оның халық медицинасымен сәйкестілігі болса да, тек өзіне ғана тән ерекшеліктері де

жетерлік. Эмпирикалық медицинаға (пайдалы тәжірибелерден құралады) қарағанда магиялық медицина (сиқыр мен тылсым дүниеге 637 сүйенген халық емшілігі) артықшылыққа ие. Сондықтан діни сенімдер мен әдет-ғұрыптарға байланысты емдеу түрлеріне ерекше тоқталып отырмыз. Бүгінгі медицина әлемдік медицинаның жетістіктерін меңгерген ғылым. Ғылыми медицина өкілдері діни наным сенімдермен емдеу әдістеріне мүлде қарсы. Сол себепті де діни сенімдер арқылы емдеу түрлерін ғылыми медицина қорына енгізу мүмкін емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1.Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 130 б. 2.Әбдіраман Ө. Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі.–Алматы: Қазақпарат, – 2002.- 160 б. 3.Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті. (Қазақ мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары). –Алматы, 2005.–192 б. 4.Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян – Алматы, 1996. – 220 б. 5.Парманов Х. Халық емінің пайдасы.//«Қазақтың ғалым шипагері 6.Әлімжанов С. Ө. Тілеуқабылұлы тіл-көз сұғы жөнінде //«Қазақтың ғалым шипагері Ө.Тілеуқабылұлы» атты VI – халықаралық конгресінің ғылыми-теориялық материалдары. – Тараз, 2009. - 152б.